

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 мамыр N 642. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.17. N 289 қаулысымен

Уран концентратын өндіруді және қайта өңдеуді жүзеге асыратын "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" ЖАҚ) филиалдарындағы өндірістерді кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының әскерге шақыру жасындағы, бірақ әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын санаттағы азаматтарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 41, 480-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мерзімдік әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын санаттағы азаматтарының тізбесі мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамының филиалдарында жұмыс істейтін әскерге шақырылатындар - оларда:

- аппаратшы (барлық атаудағы);
- оператор (барлық атаудағы);
- машинист (барлық атаудағы);
- бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика бойынша слесарь;
- слесарь - жөндеуші;
- каротажды станциялар моторшысы;
- геофизикалық аппаратура реттеушісі;
- электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр монтері;
- жабдық жөндеу жөніндегі электр слесары;
- электргаз дәнекерлеушісі;
- механик;
- электр механигі;
- технолог;
- геотехнолог;
- инженер-механик;

инженер - геолог ;  
инженер - гидрогеолог ;  
инженер-геофизик мамандығы бойынша жұмыс істейтін кезеңге".  
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК